

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 8 ақпандағы "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" № 46 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы 5 сәуірдегі № 119 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2019 жылы 9 сәуірде № 5099 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы 13 қыркүйектегі № 393 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы әкімдігінің 13.09.2019 № 393 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 1-тармағына, "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 наурыздағы № 276 Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11133 тіркелген) сәйкес Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы облысы әкімдігінің "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" 2017 жылғы 8 ақпандағы № 46 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4124 тіркелген, 2017 жылдың 31 наурызында Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

1 тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын.

2. "Алматы облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау

банкiне енгiзу және ресми жариялау үшiн "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргiзу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсiпорнына жiберудi;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейiн оны Алматы облысы әкiмдiгiнiң интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тiркеуден өткеннен кейiн он жұмыс күнi iшiнде Алматы облысы әкiмi аппаратының мемлекеттік-құқық бөлiмiне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған iс-шаралардың орындалуы туралы мәлiметтердi ұсынуды қамтамасыз етсiн.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкiмiнiң бiрiншi орынбасары Л. Тұрлашовқа жүктелсiн.

4. Осы қаулы әдiлет органдарында мемлекеттік тiркелген күннен бастап күшiне енедi және алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

Алматы облысының әкiмi

А. Баталов